

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 94 – 98

**ETHNOLINGUISTIC CHARACTERISTICS OF TERMS
ABOUT THE PERSON IN THE DICTIONARY "KITAB AD-DURRA..."**

B. D. Dyusenov

MES RK CS R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Key words: Vocabulary, semantics, mamluko-kipchak language, ancient kipchak writing monuments, manuscript, dictionary, medieval period.

Abstract. In a given article the world turkological science about arabo-kipchak lingvistical lexographical works is examined. These works were created at the basis of kipchak-oguz language that was in Egypt and Syria, Golden Horde and Central Asia in XIII-XIV centuries. The scientists noted that an ancient kipchak language is examined as a golden bridge, connecting ancient turks and modern turk languages. That is why these monuments are very important for full disclosure of some unsettled problems in the sphere of linguistics.

УДК 811.512.1.09

**«КИТАБ АД-ДУРРА...» СӨЗДІГІНДЕГІ АДАМҒА ҚАТЫСТЫ
СӨЗДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

Б. Д. Дюсенов

ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: лексика, семантика, мәмлүк қыпшақтарының тілі, ескі қыпшақ жазба ескерткіштері, қолжазба, сөздік, ортағасырлық кезең.

Аннотация. Мақалада автор XIII-XIV ғғ. Мысыр мен Шамда билік құрған Мәмлүктер мемлекетінде жазылған ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінің бірі «Китаб ад-Дурра...» қолжазбасындағы сөздердің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне зерттеу жүргізеді. Арабша-қыпшақша түзілген сөздіктегі адамның лауазымдары мен мінез-құлқына, сын-сипаттарына қатысты сөздерді сол дәуірдегі жазба ескерткіштердің лексикалық қорымен және қазіргі түркі тілдерімен салыстыру жұмыстары жасалған. Соның нәтижесінде сонау XIII-XIV ғасырлардың өзінде қазақ елінің арғы тегі болып табылатын қыпшақтар арасында әртүрлі мамандық иелерінің болғандығын көруге болады. Қыпшақтардың қандай кәсіппен шұғылданып, әлеуметтік ортадағы ролі мен қоғамдағы орыны, отбасындағы дәрежесі туралы көптеген деректер табуға болады.

Ескіқыпшақ жазба ескерткіштерінің мол лексикалық қорын зерттей отырып, қазіргі қазақ тілінің тарихы мен этимологиясы, терминологиясы және т.б. салалары бойынша көптеген деректемелік жұмыстар жүргізуге болады.

Тілдің лексикасын тануда оның сөздік қоры мен лексикалық құрамын анықтап, қаншалықты кең көлемде дамып тарағанын қарастырудың нәтижесінде ғылыми негізге жол салуға болады.

Мәмлүк қыпшақтары тілінің сөздік қоры жалпы түркі тілдеріне ортақ сөздерден тұрады. Мәмлүктер Мысыр мен Шам елінде қыпшақтар диаспорасы болғанымен, тілдік қорында қазіргі түркі халықтарының тілімен тұтас, бірізділік байқалады. Оның дәлелі біз қарастырған «Китаб ад-Дурра ал-мудийа фил-луғат ит-түркийа ала ат-тамам вал-камал» - «Түркі тілдерінің толық және тәмамдалған інжу-маржан кітабы» қолжазбасының материалдары. Флоренциялық бұл арабша-қыпшақша сөздіктердің зерттелу тарихына үңілсек, А.Зайончковский: «Содержание этого манускрипта

и оформление его не оставляет никакого сомнения в том, что данное сочинение написано в период государства Мамлюков и включает богатый и полноценный материал по кипчакскому языку» [1, 37] деген болатын.

«Жарқыраған інжу-маржан» жазба ескерткішінің атында айтылғандай және А. Зайончковскийдің берген бағасына лайық бұл ескерткіш Мәмлүк қыпшақтары пайдаланған тілді толықтай қолданып және сөздік қордың мол мұрасын жинақтап жазылған еңбек.

Сонымен жазба ескерткіш тілінде мәмлүк қыпшақтары ауызекі тілінде жиі қолданылған бірнеше лексика-семантикалық сөз топтары барлығы байқалады.

Адамның атақ-лауазымына, кәсібіне және әлеуметтік топтарға байланысты сөздер:

bardaqiççi بَرْدَاقِچِي (құмыра жасайтын ұста) (18a,10) – **bardaq** – қувшин, құмыра + **iççi** – зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ. Бардақшы - белгілі бір кәсіптің иесі, яғни кәсіби лексикаға жатады. Кәсіп иесін білдіретін сөздер ескі қыпшақ тілдерінде онша көп болмаса да баршылық: *bitikçi* (жазу жазатын адам), *altunчы* (ювелир), *temірчи* (темір ұстасы), *қылыч остасы* (қылыш ұстасы), *ейерчи* (ерші, ер жасаушы), *отачы* (оташы), *сықырық* (курьер) және т.б. *Бардақчы* осы топтың қатарын көбейтері анық. Басқа ескерткіштердегі көрінісі: ИЛТАС., СС., Абу Х., Тз., *бардақ*; Салыс.: МҚ. *барт* ыдыс, құмыра; сұйықтық құятын ыдыс. **Қаз бардақ** (диал.).

baş yülütіççi باش يُولُوتِچِي шаштараз (18a,4) – изафет конструкциясында тұрап, кәсіп иесінің атауын білдіріп тұр: **baş yülütіççi** – *bas йулутчы* (бас жұлушы, яғни бастағы шашты алушы, шаштараз). Бұл сөздің *сақал йулучы* (сақал жұлушы, яғни сақал алушы, шаштараз) деген варианты да қолданылады. Басқа ескерткіштердегі көрінісі мынадай: ИЛТАС., *йулы*: *йулығыл*. Хт. Scheren стричь, подстригать, обрезать. СС. *йулу*; МҚ. *йулды* жұлды, *йүліді* қырды, шашын жұлды; Тз. *йүлу*; қар. *йулу*; тат. *йолу*; башқ. *юлылу*; құмық. *юлю* қырыну; қаз. *жүлу*. Салыс.: СС. *сақал йуловчы* шаштараз.

?er?ba? عَرَبَا әскербасы (11a, 13) – Басқа ескерткіштердегі көрінісі: ИЛТАС., *шері* = *сү*; *шері башы*; СС., БМ. *чері*, *черік*; АФ., *черік*; Тз. *шері*; МҚ. *чәрік*; Абу Х. *чері*, *черік*; Еф. *черов*, *черүв*; Қазіргі түрік тілдеріндегі көрінісі: қар. *черів*; қаз. *шеру*, *шерубасы*.

bay بای бай (14a,12) – түркі тілдерінде белгілі сөз. Басқа жазба ескерткіштердегі көрінісі: ИЛТАС. *бай*; СС., Абу Х., АФ., Тз., МҚ., Кав. *бай*; Қыпшақ тілдерінде: тат., башқ., ноғ., құмық., қк., қаз. *бай*.

bazāriççi بَزَارِچِي базаршы (17b,15) – базарда істейтін саудагер. Қар.: **базар**.

bek بَک бек (14a,2) – Қыпшақ тілдерінде еркін, жиі қолданылады. Көне түркі тілінде *beg* тұлғасында кездесетін бұл сөз қазіргі түркі тілдерінде сөз соңындағы *g* дыбысының *й*-ге айналған *бий*, *бей* және *g* дыбысының қатанданған *бек* сипатында қалыптасқан. Ал сөз ортасындағы *e* < *i* сәйкестігі сол көне түркі дәуірінің өзінде-ақ болған. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштері тілінде *beg* // *big* // *бей* // *би* // *бий* сипатында кездесуі бұл дыбыс алмасуларының сол дәуірде-ақ болғандығын аңғартады. Көктүрік, Ескі ұйғыр, МҚ – *beg* [ДТС, 91]; КК: *бег*; *бей*; *би*; *бий*; [ҚТС, 26, 29, 30, 32];

bey بَی бей (22a,6) – Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі көрініс: ИЛТАС. *бей*; СС. *бей*, *бий*; Абу Х. *бей*; Тз. *би*; Пд. *бей*, *бі*, *бий*; Қазіргі түрік тілдеріндегі көрінісі: түркм. *бей*; қар. *бий*; тат. *би*; башқ. *бей*; ноғ. *бий*; қк. *бий*; қаз. *би*.

demüriççi دَمُورِچِي темірші (18a,4) – Ескі қыпшақ тілдерінде көп қолданылатын лексема. Басқа ескерткіштердегі көрінісі мынадай: ИЛТАС: *темірчи*; СС., *темірчи*; МҚ. *тәмурчи*; Қазіргі түрік тілдеріндегі көрінісі: ттк. *дәмирчи*; ноғ., қк. *темирши*; башқ. *тимерсе*.

Elçi اَلچِي Пайғамбар (2a,8) // **eli** اَلشِي елші (11a,15) – *елчі* және *елиші* - ел «халық» сөзіне + *чі*; *ші* сөз тудырушы жұрнақтары қосылуы арқылы туындаған лексема. Көне түркі ескерткіштерінде: 1) *елиші*, *пайғамбар* (посол, посланник); 2) *хабар жеткізуші* (вестник, гонец); 3) *ел билеуші* («Құтад-ғу біліг» ескерткішінде: *правитель*, *владелец*) мағыналарында қолданылады. Басқа ескерткіштердегі көрінісі: *элчи* (Рсл. I, 827); *элчи*, *?lчи* (ДТС, 169); «Диуани луғат-ит-туркте» кездеспейді. Ортаазиялық «Тэфсирде» *элчи* (124) және *элчу* (72б, 71) деген фонетикалық модификациялары кездеседі. Абу Х. *илчи*; ат-Тухфа. *элчи* // *илчи*; «Таржуманда» *илчи*; Хорезмдік (алтынордалық) деректерде *элчи* тұлғасында кездеседі: ХШ., Рабгузи., НФ. *элчи*. ҚХШС. *елчі*; ИЛТАС. *илчі*; Қазіргі түркі тілдерінде: ттк. *элчі*, *ёлчі*; тат. *илче*; башқ. *илсе*; ноғ. *элиши*; қк. *елиши*; құмық. *элчи*; қаз. *елиші*. Бұл сөз жалпытүркілік *ел* (*ал*) түбірінен түзілген.

Eginičči اَكْنَجِي егінші (14a,10) – Түрік тілдерінде еркін қолданылатын лексема. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі көрінісі: ИЛТАС. *екінчі*; ҚХШС. *екінчі*. Қазіргі тілдерде: **ноғ.** *егінші*; **қаз.** *егінші*.

halvačči حَلْوَى جِي Һалуашы (17b,15) – Жалпы түркі тілдеріне араб тілінен (арабтың *сладкий, приятный* деген сөзі АРС, 182) енген белгілі сөз. Негізгі түбірі **halva**, бұған **či** сөз тудырушы жұрнағы қосылған. **Halva** тұлғасы ескерткіштерде кездеседі: *halva* (ДТС, 198); Орта ғасырлық қыпшақ жазба ескерткіштердегі көрінісі: ҚХШС. *халва*; **қаз.** *алуа*.

hōcā حُجَا хожа (14a,6) – Бұл сөз де араб-парсы тілдерінен (Мұхаммед пайғамбардың ұрпағынан тарайтын дін таратушылар) енген, адамдардың әлеуметтік топтағы орнын білдіретін сөз. Басқа ескерткіштердегі көрінісі: ИЛТАС. *қожса; хожаддаш*; СС., АФ. *қожса*; Еф. *ходжа*; Хт. *қожсадаш*; Тз. *хошдаш*; БМ. *қошдаш*; Абу Х. *қожаташ*. Қазіргі түркі тілдерінде мынадай: **ттк.** *коджа*; **ққ., қаз.** *қожса*.

iščči اِشْ جِي жұмыскер, қызметкер (17b,13) – Бұл сөздің негізгі түбірі **i?**, сөз тудырушы **čči** жұрнағы арқылы жаңа сөз туып тұр. Қазіргі қазақ тілінде *ісші* деген варианты емес, **-кер, -гер** парсының жұрнағы арқылы туындаған *іскер* тұлғасы қолданылады.

kiriščči كِرْشْ جِي кірісші (садақ кірісін жасайтын ұста) (18a,6) – Бұл да түркі тілдерінде еркін қолданылған сөз. Негізгі түбірі **kiri?** (садақ керме жібі) – **čči** сөз тудырушы жұрнағы арқылы жасалған лексема. Басқа ескерткіштерде негізгі түбір тұлғасында кездеседі: ИЛТАС. *кіріш*; МҚ., Тз., АФ. *кіріш*; Қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі мынадай: **қар.** *кіріш*; **тат., башқ.** *кереш*; **ноғ.** *кирис*; **қаз.** *кіріс*.

ki?ipčči كِشْفَجِي тыңшы (11b,2) – Бұл сөздің негізгі түбірі **ki?i**, бұған **rič – či** жұрнақтары қосылуы арқылы пайда болған туынды сөз. Бұл жерде тыңшы, шпион деген мағына береді.

n?ker نَكْر нөкер (14a,8) – Бұл сөзді қазақ тілінің мамандары монғол тілінен енген деп келеді [2, 143], ал, ирандықтан **نَوَكْر** nowkaг – слуга парсы сөзі деп есептейді [3, 692].

Адамның мінез-құлқына, сын-сипатына байланысты сөздер:

baziq بَازِق зор, үлкен, ірі; жаман қылықты; нашар мінезді (10; 14b,6) адам деген ұғымды береді.

beyni بَيْنِي мыйлы, мый (12b,) – ИЛТАС. *бейн*; Абу Х. *бейні*; Тз. *бейні*; **ттк.** *бейни, бейн*; **башқ.** *мейе*; **ноғ.** *мый*; **құмық., ққ.** *мий*; **қаз.** *ми*.

bili? بِلِش таныс (14a,10), – ИЛТАС. *біліш*; МҚ., БМ. *біліш*; ҚХШС. *Біліш*; **тат., башқ.** *белеш*; **ноғ., ққ.** *билис*; **қаз.** *біліс*.

boylı بُوَيْلِي бойлы, бойшаң (5a,2), – ИЛТАС. *бойы*; ҚХШС. *Бой*; СС., Абу Х, АФ., МҚ., Тз., БМ., **ноғ., құмық., ққ., қаз.** *бой*; **тат., баш.** *буй*.

epsem اَپْسَام момақан, жуас (3b,14) деген мағынада қолданылған.

küčsiz كُوْجْ سِيْز элсіз, қуатсыз (5a,4) – ҚХШС. *күш, қуат*; ИЛТАС. *күчсіз*; СС., АФ. *күчсіз*; **қар.** *күчсүз*; **тат., күчсез; **башқ.** *көчсөз*; **ноғ., ққ.** *күшсиз*; **қаз.** *күшсіз*.**

qara قَرَا құл, тексіз, тобыр (14a,2), ескі қыпшақ ескерткіштерінің барлығында кездесетін белгілі сөз..

?akirt شَاكِرْت бозбала, жасөспірім (14a,4) – ИЛТАС. *шекір*; Абу Х., *шекір*; **ттк., шағирд**; **башқ.** *шәкерт*; **ққ.** *шәкерт*; **қаз.** *шәкірт*.

Адамның дене мүшелеріне және жынысына, тегіне қатысты сөздер:

aln اَلْن алды, маңдай (13a,4) – ИЛТАС. *алын*; СС., АФ., МҚ., Тз., Пд. *алын*; Қазіргі түркі тілдерінде: **қар., ттк.** *алын*; **құмық., тат., қаз.** *ал, алды*.

arqa اَرَقَا арқа (13a,14), – ескі қыпшақ ескерткіштеріндегі көрінісі бәріне ортақ сөз: ИЛТАС., СС., АФ., МҚ., Тз., Пд. *арқа*; Қазіргі түркі тілдерінде: **қар., ттк., құмық., тат., қаз.** *арқа*.

avuč اَوُج алақан, уыс (13a,12), – ҚХШС. *уыс*; Орта ғасыр қыпшақ жазбаларымен қазіргі түркі тілдеріндегі **авуч // авыч // овуж // навуч** формаларында кездесетін бұл етістік тілімізде **уыс** сипатында қолданылады. Қазақ тілінде сөз басында **у** дыбысына, алдынан көмескіленіп **ұ // ү** дыбыстары естілетіндіктен дифтонг дыбыс деп қарайды да **ұ** жазуда еленбейді. Ал бірінші буыннан кейінгі буындардағы **у** дыбысы ерін үндестігінің әлсіздігінен **ы**-ға айналады. Осыдан қазіргі тілімізде бұл сөз **а ~ ұ; в ~ у; у~ы; ч // ж~ш~с** сәйкестіктері арқылы қалыптасқан. Сондай-ақ бұл сөздің негізгі түбір емес екендігін тіліміздегі **уқалау** етістігімен салыстыру арқылы аңғаруға болатын сияқты. Радлов «Сөздігінде»: «**оғ- ов** – тереть; ел оғмақ; оғала – растереть» деп түсіндіреді де басына «осман түріктері тілінде» деп белгі соғылған. Қазақ тілінің дыбыстық

заңдылығын ескерсек (*oğ>u*) *уқалау* етістігінің құрамындағы ежелгі түбір тек (*y* (*yu*)) морфемасы ғана, *-қа*, *-ла* қосымшалар [ҚТТГ, 122]. Уыс сөзінің де негзгі түбірі *y* (*yu*); *-ыс* істің істелу құралын, процесстің атауын білдіретін көне *-ч* қосымшасының бүгінгі көрінісі болса керек (сүйініш, қуаныш сөздерінде сақталған). Қазіргі түркі тілдерінде: **қаз.** *уыс*; **баш.** *ус төбө*; **тат.** *ус төби*; **қырғыз.** *уч*; **түрік.** *авуч*; **азер.** *овуж*; **түркм.** *овуч*; **өзб.** *навуч*; **ұйғ.** *авуч*.

aurat عَوْرَاتُ қатын (14a,4), - ИЛТАС. *аврат*; **Салыс.** *МҚ. авурта*; **қаз.** *әуретіңді жасп*;

c?h?d جَحْدُ еврей, жөйт (14a,15) – ҚХШС. *жухуд*;

ebi?i اَبَشِي зайып, әйел, жұбай (14a,4) – ИЛТАС. *епчі*; **СС.**, *абчы*; **АФ.** *ебчі*; **Тз.** *епчі, ипчі*; **Абу Х.** *ечі, ече* Рдл. *ече*.

emček (emček) اَمِچَك емшек (13a,16) - ИЛТАС. *емчек*; **СС.**, **АФ.**, **Абу Х.**, *емчек*; **МҚ.** *эмік*; **Тз.** *емчек, имчек*; **ттк.** *эмджек*; **тат.** *имчэк*; **ноғ.** *эмшек*; **башқ.** *имесэк*; **құмық.** *эмчек*; **ққ.**, **қаз.** *емшек*.

e?se اَنْكَسَا (اَنْكَسَا) еңсе, иық (13a,8; 13a,14) – ИЛТАС. *еңсе*; **СС.** *еңсе*; **Абу Х.** *енсе*; **Тз.** *енесе*; **тат.** *иңсә*; **ноғ.** *энсе*; **ққ.**, **қаз.** *еңсе*.

gavir (gavur) كَاوِرُ кәпір, христианин, иаһуди (14a,15) – ҚХШС. *кафир*. Арабша: مُلْجِدٌ (неблагодарный; неверующий, нечестивый, неверный; безбожник, гяур). **Абу Х.**, **В. Радлов** т.т. кездеседі: *кафир, қафыр, гаур*. Мұсылмандар әлемінде, көптеген түркі тілдес елдерде белгілі сөз.

keude كُوْدَا кеуде, көкірек (12b,16)- ИЛТАС. *кевде*; **Абу Х.** *гөвде*; **Тз.** *көвде, кевделі*; **ноғ.** *кевде*; **ққ.** *кеуде, геуде, кебзе*; **башқ.** *кәузә*; **қаз.** *кеуде*.

k?g?s كُوْنَسُ төс, төс сүйегі (13a,16)

kirpik كِرْبِكُ кірпік (13a,4) – ИЛТАС. *кірфік*; **ҚХШС.** *кірпүк*.

k?bek كِبَاكُ кіндік (13a,16) - ҚХШС. *кіндік*; Қазіргі қыпшақ тілдерінде көп кездесе бермейтін бұл лексема оғыз тілдерінде «кіндік, қарын, ұрнақ, орталық» секілді бірнеше мағыналарда қолданылады. **Түрік.** *гөбек*; **азер.** *гөбәк*; **түркмен.** *гөбек* [ҚТТГ, 122]. Қазақ тілінде кісі есімдерінде үлгілері сақталған: *Ергөбек, Көбекбай* және т.б.

bağarsuq بَاغَارْصُوْقُ ішек-қарын, жылы-жұмсақ (13b, 2)- ИЛТАС. *бағырсақ*; **СС.** *бавурсақ*; **Абу Х.** *бағарсуқ*; **Тз.** *буварсық*; **МҚ.** *бағырсуқ*; **түрік.** *бағырсақ*; **қар.** *бавурсақ*; **ноғ.** *өкпе-бавыр*; **қаз.** *өкпе-бауыр*.

bağır بَاغِرْ бауыр (13b,12)- ҚХШС. *бағыр*; ИЛТАС. *бағыр*; **Абу Х.** **АФ.**, **Тз.**, **МҚ.** *бағыр*; **қар.** *бағыр*; **ттк.** *багр*; **тат.**, **ноғ.** *бавыр*; **башқ.** *бауыр*; **құмық.** *бавур*; **қаз.** *бауыр*.

baltır بَلْتِرْ балтыр (13b,6) - ИЛТАС. *балтыр*; **Абу Х.**, **Тз.**, *балтыр*; **БМ.** *балдур*; *балтур*; **қар.** **тат.**, **башқ.**, **ноғ.** *балтыр*; **құмық.** *балдыр*; **ққ.**, **қаз.** *балтыр*.

barmaq بَرْمَاقُ бармақ (13a,12) – ИЛТАС., **СС.**, **Абу Х.**, *бармақ*; **Тз.** *пармақ*; Қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі: **қар.** *бармах*; **тат.**, **башқ.**, **ноғ.**, **құмық.**, **ққ.**, **қаз.** *бармақ*.

ba? بَاشُ бас (12b,16) – ИЛТАС., **СС.**, **Абу Х.**, **АФ.**, **Тз.**, **МҚ.**, **БМ.** *баш*; Қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі: **ттк.**, *баш*; **ққ.**, **қаз.** *бас*;

bilegi (bileg?) بِلَاكِي білегі (10a,6) – ИЛТАС., **Абу Х.**, **МҚ.**, **Тз.** *білек*; Қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі: **ттк.**, **ноғ.**, **ққ.**, **қаз.** *білек*; **тат.**, **башқ.** *беләк*.

boğaz بُوغَازُ бұғаз, кеңірдек (13a,8) – Бұл сөз бауыздайтын жері *бұғазы* деген мағына беріп тұр. Басқа ескерткіштердің көбінде етістік формасында келген: *боғузла*; *боғузлағыл*- бауыздау деген тұлғада қолданылған. Көне түркі тілдерінде ертеден бар сөз: *боғаз* [ДТС, 109]. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі көрінісі мынадай болып келеді: **ИЛТАС.**, *боғузла*; *боғузлағыл*; **Абу Х.** *боғазлады*; **Тз.** *боғузлады, бовузлады*; Қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі: **тат.** *буғазлау*; **башқ.** *боғазлау*; **ққ.** *бауызла*; **қаз.** *бауызда*.

bürün بُوْرُوْنُ мұрын (13a,2) – Көне түркі тілдерінде бұрыннан келе жатқан сөз. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштердегі көрінісі: **ИЛТАС.**, **Абу Х.**, **Тз.**, **АФ.**, **МҚ.** *бурун*; **СС.** *бурун, брун*; **Тз.** *бури, бурун*; Қазіргі оғыз және қарлұқ топтарында осы тұлғада сақталғанымен қыпшақ тілдерінің көбінде *б* <м-ға ауысканы байқалады. Қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі мынадай: **ттк.**, **ққ.** *бурун*; **тат.** *борын*; **башқ.** *морон*; **ноғ.** *бурын*; **қаз.** *мұрын*.

b?gr?k (b?gr?k) بُوْرُوْكُ бүйрек (13b,2) – Көне және қазіргі түркі тілдерінде баяғыдан келе жатқан сөз. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі көрінісі мынадай болып келеді: **ИЛТАС.**, *бүгрек*; **Абу Х.** *бүгрек*; **Тз.** *бөрек, бөгрек*; **Кав.** *бүрек*; Қазіргі түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы тілдерде сөз ортасындағы *г* дыбысы *й*- ге айналып, заңды құбылысқа енгенін көруге болады.

Қазіргі түркі тілдерінде: **қар.** *буврак*; **тат.** *бөөрек*; **құмық.** *бюйрек*; **ноғ., ққ., қаз.** *бүйрек*; **башқ.** *бөйөр*.

Жалпы алып қарағанда Мәмлүктер мемлекетінде қыпшақ тілін үйрену үшін жазылған бұл ескерткіште түркі тілдеріне ортақ көптеген сөздер кездеседі. Сондықтан мұндай жазба секерткіштердің тілдік қорын сол дәуірдің қолжазбаларымен және қазіргі түркі тілдерімен салыстыра отырып зерттеудің маңызы өте зор.

ӘДЕБИЕТ

[1] Зайончковский А. Новонайденный арабско-кипчакский словарь из государства мамлюков // Народы Азии и Африки. – М.: Наука, 1964. – № 3. – С. 111-116.

[2] Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 145 б.

[3] Персидско-русский словарь / М.И. Радуйильский., Г. А. Усканин., А.М. Шуйтов. – Тегеран, 1372 х.

REFERENCES

[1] Zaionchkovskii A. Newfound Arabic-Kipchak dictionaries from the Mamluk State // Peoples of Asia and Africa. M.: Nauka, 1964. N 3. p. 111-116. (in Russ.).

[2] Bolganbaev A. Kazak tilinin leksikologiyasi. Almaty: Mektep, 1988. 145 b. (in Kaz.).

[3] Persian-Russian dictionary. Radyilsky M.I., Yskanin G.A., Shuyitov A.M. Tegeran, 1372 x.

Қысқартылған шартты белгілер

ДТС – Древнетюркский словарь. – Л., 1969.

ҚТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 965 б.

ИЛТАС – Исследование по лексике «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата, 1970.

СС – Құрышжанов Ә.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б. Қуманша-қазақша жиілік сөздік. – Алма-Ата, 1978.

Абу Х. – Saferoğlu A. Abû-Hajjân. Kitab al-Idrāk li-lisân al-Atrak. – Istanbul, 1931.

Тз. – Аттухфатуз закиятү филлуғатит туркия (туркий тил (кипчоқ тили) хакида ноёб тухфа). – Тошкент, 1968.

БМ. – Zajačzkowski A. Vocabulaire arabe-kiptçhak de l'epoque de l'Etat Mamelouk "Bulğat al-Muštāq fi luğat at-turk wa-l-Qifzāq". – Warszawa, 1958.

АФ. – П. М. Мелиоранский. Араб – филолог о турецком языке. – СПб., 1900.

МК. – Девони луғатит турк. Г.Абдурахманова ва С.Мутталибовлар иштироки ва тахрир остида. – Тошкент, 1967.

ҚХШС. – А. Ибатов. Қутбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі (XIV ғасыр). – Алма-Ата: Ғылым, 1974.

қар. – қарайым

қаз. – қазақ

тат. – татар

башқ. – башқұрт

ноғ. – ноғай

ққ. – қарақалпақ

эзер. – эзербайжан

түркм. – түркімен

өзб. – өзбек

үйғ. – ұйғыр

ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ТЕРМИНОВ О ЧЕЛОВЕКЕ В СЛОВАРЕ ««КИТАБ АД-ДУРРА...»

Б. Д. Дюсенов

Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: лексика, семантика, мамлюкско-кыпчакский язык, старокыпчакские письменные памятники, рукопись, словарь, средневековый период.

Аннотация. В статье рассматривается арабско-кыпчакский лингвистический, лексикографический труд, который создан на основе кыпчакско-огузского языка, использованного в Египте и Сирии, в Золотой Орде и Средней Азии в XIII-XIV веках. Ученые отметили, что старокыпчакский язык, рассматривается как золотой мост, связующий древнетюркский и современные тюркские языки. Поэтому этот памятник очень важен для полного раскрытия некоторых нерешенных проблем в области языкознания.

Поступила 12.01.2015г.